



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№31 (1873) Жұма, 8-тамыз 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ



THIRD UNITED NATIONS CONFERENCE
ON LANDLOCKED DEVELOPING COUNTRIES

AWAZA, TURKMENISTAN, 5-8 AUGUST 2025



БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ҮШІНШІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне қатысты.

Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының үшінші конференциясының ашылу салтанатына дейін Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кездесуі өтті.

Басқосуда аймақ елдері ынтымақтас-тығының басым бағыттары талқыланды.

Мемлекет басшысы Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының үшінші конференциясында сөз сөйледі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ең әуелі конференцияны шақыру бастамасын көтергені үшін Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке ризашылығын білдірді. Сондай-ақ теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің проблемаларын шешуге және мүмкіндіктерін пайдалануға бейіл танытқаны үшін БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришке алғыс айтты.

— Жиырма жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ-ның алғашқы конференциясын өткізіп, жетекші рөл атқарды. Яғни еліміз бұл үздіксіз үдеріске бастапқы жылдардан бері қатысып келеді. Осы тарихи оқиға барысында Алматы іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Бұл құжат теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер тобының мәселелерін жаһандық дамудың күн тәртібіне тұңғыш рет шығарды. Бүгін біз алдымызда тұрған міндеттерді одан әрі ілгерілету мақсатында Авазада бас қосып отырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, осы топ құрамындағы 32 дамушы елде жарты миллиардтан астам адам тұрады. Олардың көпшілігі қаржыландыруға және технологияға қол жеткізуде, сондай-ақ жаһандық нарыққа жол табуда кездесетін кедергілермен бетпе-бет келеді.

— Аймақтағы шектеулі байланыс теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің басты проблемасы. Бұл транзит және сауда шығыны, сондай-ақ геосаяси факторларға осалдық секілді біршама экономикалық қиындық тудырады. Аталған кедергілер азаматтардың әл-ауқатына әсер етіп, бәсекеге қабілеттілікті төмендетеді. Түрлі қақтығыстар, экономикалық санкциялар, жеткізу тізбегінің бұзылуы және жаһанда сенімсіздіктің белең алуы жағдайды одан әрі ушықтыра түседі. Дегенмен Қазақстан теңізге шығар жолы жоқ дамушы мемлекеттерді жаһандық мәселелердің шешімін табуға атсалысатын тең құқылы әрі перспективті серіктес ретінде қарау керек деп санайды. Мұндай елдердің үні анық естілуіне тиіс, ал біздің өзара ынтымақтастығымыз терең, ұжымдық ұмтылысымыз батыл болуы қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Аваза іс-қимыл бағдарламасын тұрақты, инклюзивті және орнықты келешекке жеткізер жол картасы ретінде толық қолдайтынын мәлімдеді.

— Бұл маңызды бастама транзиттік елдердің, халықаралық даму ұйымдары мен қаржы институттарының саяси қолдауына ие болуға тиіс. Көлік, энергетика және цифрлы инфрақұрылым сияқты басты секторларға инвестицияны ынталандыруға арналған жаңа қаржы тетіктері керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев климаттың өзгеруін тағы бір түйткіл ретінде атады.

— Теңізге шығар жолы жоқ көптеген дамушы ел су тапшылығы, мұздықтардың еруі, шөлейттену

секілді экстремалды табиғи құбылыстарға душар болып отыр.

Бұл проблемаларды шешу үшін өңір елдерінің ортақ күш-жігері мен белсенді халықаралық қолдау қажет. Дегенмен, менің ойымша, климаттың өзгеруіне қарсы күрес шаралары теңгерімді әрі инклюзивті сипатын сақтап, елдердің даму жолындағы сұраныстарына сай болуға тиіс. Климаттық өзгерістермен күреске жұмылу мақсатында Сіздерді келесі жылы сәуір айында Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірге Астанада ұйымдастырылатын Әңгірлік экологиялық саммитке шақырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстанның серіктестермен бірге аймақтағы өзара байланысты нығайту, цифрлық трансформацияны ілгерілету және ұзақ мерзімді әрі орнықты өсімге ықпал етуді көздейтін елеулі шаралар қабылдап жатқанын жеткізді.

— Біз Орта дәліз және «Солтүстік – Оңтүстік» бағдары бойындағы көлік жолдары мен транзит инфрақұрылымын дамытуға баса мән береміз. Түпкі мақсатымыз — темір жолдың, автокөлік жолдарының, сондай-ақ авиация мен логистика орталықтарының біртұтас желісін құру. Бұл Қазақстанның Еуразиялық транзит хабы ретіндегі позициясын нығайтады. Қазіргі кезде Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы еліміз арқылы өтеді. Біз сондай-ақ цифрландыруға инвестиция құйып жатырмыз. Астана қаласында Alet.AI жасанды интеллект орталығы құрылды. Жуырда суперкомпьютер іске қосылды. Ғылыми ынтымақтастыққа әрдайым ашықпыз. Серіктестерімізді қатарымызға қосылуға шақырамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы өңірлік күн тәртібі

жөнінде пікір білдіріп, елдердің мүмкіндігі географиямен шектелмейтінін Орталық Азия тәжірибесі көрсетіп отырғанын айтты.

— Қазір теңізге шығар жолымыз болмағанымен, келешекте ама-лын табамыз. Яғни құрлық арқылы байланыс орнатудың маңызы арта түседі. Біздің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы орнықты. Саяси ерік-жігер, стратегиялық инвестиция мен халықаралық серіктестік болса, теңізге шығатын жолдың жоқтығы кедергі емес, керісінше, өсімге ын-таландырады. Орталық Азия өзара тиімді ықпалдастық қанат жайған аймаққа айналғанына куә болып отырмыз. Өңірдің сауда, инвестиция, көлік, байланыс және ресурстарды орнықты басқару салаларында даму әлеуеті жоғары. Екі күн бұрын Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасында Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімге қол қойылды. Оның штаб-пәтері Алма-тыда орналасқан. Бұл тұтас аймақ үшін маңызды жетістік әрі Аваза бағдарламасының игі мақсаттарына толық сай келеді. Қазақстанның осы бастамасын қолдағаны үшін БҰҰ Бас хатшысына және Орталық Азиядағы серіктестерімізге тағы да ризашылығымды білдіремін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытын-дылай келе, Қазақстанның теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер тобының мақ-саттары мен қағидаттарына бейіл екенін растады.

— Теңіз қатынасы жоқ дамушы елдердің жаһандық күн тәртібінен тыс қалмауын халықаралық серіктестікті нығайту арқылы ғана қамтамасыз ете аламыз, — деді Мемлекет басшысы.

www.akorda.kz



ЖОСПАРДА 300-ГЕ ЖУЫҚ ІС-ШАРА

Жетісу облысында тарихи **gama** - Конституцияның 30 жылдығына арналған шаралар өңірдің барлық аудан-қалаларын қамтып, шамамен 300-ге жуық

іс-шара өткізіледі деп межеленіп отыр. Соның ішінде тұрғын үйлер, жаңа әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар, бизнес нысандары ашылады деп жоспарланған. Сол сияқты азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Атап айтқанда, мерейтойлық дата аясында Кербұлақ ауданында 60 пәтерлі көпқабатты үйдің, Қаратал ауданы Үштөбе қаласында 10 тұрғын үйдің кілттері жергілікті тұрғындарға табысталатын болады. Сол сияқты Көксу ауданында балабақша, балалар ойын алаңы, «Жанұя» қолдау орталығы іске қосылса, Алакөл ауданы, Үшбұлақ, Қызылқайың ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пункттер

ашылады деп күтілуде. Соның ішінде 30 жылдыққа 30 іс-шара өткізуді жоспарлап отырған Панфилов ауданында 6 жаңа медицина нысаны, 1 жаңа мектеп, жөндеуден кейінгі 2 мектеп, «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында темір өңдеу зауыты, Жаркент қаласында жүгері кептіру цехы, «Сарыөзек – Көктал» бағытындағы «Қойбын» көпірі қолданысқа беріледі.

Жетісу облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы да бұл мерекелік шараға өз үлесін қосып, диалог алаңын құрып, семинар тренинг, мерекелік жиын өткізбекші.

Сондай-ақ құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында заңгерлермен, депутаттармен, қоғам белсенділерімен кездесулер өткізіледі. Түрлі спорттық жарыстар, музейлерге экскурсиялар ұйымдастырылады.

Атап өтсек, өңірде өткізілетін шаралар заңды қастерлеуге үндеу, «Заң мен тәртіп» қағидатын ұстанудың маңызын паш ету, ел дамуының жаңа кезеңіндегі Конституцияның рөлін айшықтауға бағытталып отыр.



77 КӨПҚАБАТТЫ ҮЙДІҢ ШАТЫРЫ ЖӨНДЕЛУДЕ



Жұмысшылар тозығы жеткен шиферді, оның астындағы шіріген ағаштарын алып, толықтай жаңалап жатыр. Жұмыстар он күннің ішінде бітеді деп жоспарлап отырмыз, - дейді мердігер ұйымның бригадирі Айдос Байболов.

– Тұрғын үйіміздің шатыры ауыстырылатынын естігенде қуандық. Бұл үйде негізінен егде жастағы адамдар тұрады, сондықтан шатырды өз күшімізбен жаңарту біз үшін оңайға соқпас еді. Біздің осы түйткілді мәселемізді оңынан шешіп, шатырымызды жөндеп беріп жатқандарыңызға үлкен рахмет айтамыз, - дейді тұрғын Наталья Якушева.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

Жетісу облысында биыл 77 көпқабатты үйдің шатыры жаңартылуда.

Өңірде «Таза Қазақстан» бағдарламасына сәйкес елді мекендер аумағын абаттандыру, соның ішінде ғимараттар мен құрылыстардың сыртқы келбетінің талаптарға сай болуына көп көңіл бөлінуде. Бұл ретте Ақсу ауданында 15 шатыр, Қаратал ауданында 5, Көксу ауданында 11, Текелі қаласында 7, Талдықорған қаласында 39 шатырды жөндеу жоспарланған. Бүгінгі күнге соның 30-ында құрылыс жұмыстары аяқталды.

Шатыр жөндеуде ең көп жоба Талдықорған қаласына тиесілі. Жалпы қала әкімдігінің мәліметіне сәйкес, облыс орталығында 800-ден астам көп қабатты үй бар. Олардың көпшілігі 1970-1980 жылдары салынған. Осыған байланысты тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында шатыр жөндеу жұмыстары кезек-кезеңімен атқарылуда.

- Көпқабатты тұрғын үйлердің шатырын жөндеу жұмыстары 2023 жылдан бері қолға алынып келеді. Алдыңғы жылы 1950-1970 жылдар аралығында салынған 13 үйдің, ал өткен жылы 28 үйдің шатыр жаңарды. Биыл 1968-1992 жылдар аралығында тұрғызылған 39 үйдің шатырына ағымдағы жөндеу жасалады, соның 17-сінде жұмыс жүріп жатыр, - деді Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов.

Шатыры жаңаратын үйлердің бірі - Талдықорғандағы Жансүгіров көшесі, 78-үй.

- Мұнда қазір біздің компанияның 6 құрылысшысы жұмыс істеуде. Құрылыс алаңының көлемі - 1140 шаршы метр.

БАЛҚАШҚА ЖОЛ - ТАЗАЛЫҚҚА ЖОЛ



«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Балқаш көліне апаратын жол бойында «ecoBalqash» атты ауқымды экологиялық плоггинг ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты - азаматтардың, әсіресе жастардың, экологиялық мәдениетін арттырып, қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру, табиғатты аялауға үндеу. Осы экологиялық плоггингіне 250-ге жуық қатысушы жұмылып, қоршаған ортаның тазалығы үшін жұмыла еңбек етті.

Іс-шарада қатысушыларға арнайы қолғаптар мен қоқыс салатын қаптар таратылып, жол бойындағы және демалыс орындарындағы қалдықтар жиналды. Келге жеткен соң жиналған 50 қап қоқыс ұйымдастырушыларға тапсырылып, белсенділер

арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Ігі бастаманың ұйымдастырушысы - «Jetisy jastary» KMM. Мекеме өкілдерінің айтуынша, мұндай акциялар бір реттік қадам емес, болашақта жүйелі түрде жалғасатын тұрақты экологиялық дәстүрге айналуы тиіс.

«Табиғат - біздің ортақ байлығымыз. Оны қорғау - әрбір азаматтың міндеті. Бүгінгі экологиялық плоггинг арқылы біз тек қоқыс жинап қана қойған жоқпыз, сонымен қатар қоғамға маңызды үндеу тастадық: табиғатты аялау - бұл жауапты өмір салты. «Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс» қағидаты дәл осындай еңбектер арқылы өмірімізге орнығатынына сенеміз. Жастарымыздың белсенділігі мен жанашырлығы бізге үлкен үміт береді. Осындай шаралар тек тазалықты емес, ұлттық рух пен экосананы да нығайтады», - деді «Jetisy jastary» KMM директорының орынбасары Арнай Рақымберліұлы.

Бұл бастама табиғатты қорғауға бағытталған тек физикалық еңбекпен шектелмей, экологиялық ойлау жүйесін қалыптастыру жолында маңызды қадам болды. Алдағы уақытта да «ecoBalqash» сынды жобалар жалғасын тауып, еліміздегі экологиялық қозғалыстың жаңа серпін алуына сеп болады деп сенеміз.

**#ТазаҚазақстан #устойчивоеразвитие
#чистаястрана #экология
#TazaChallenge @TazaQazaqstan**

Облыстық қоғамдық даму басқармасының мәліметі бойынша

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы ішкі мемлекеттік аудит департаменті қызметінің негізгі нәтижелері белгілі болды. Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті есенгі кезеңде 49 аудиторлық іс - шара өткізді, оның ішінде: 8 - жоспарлы іс-шара және 41-жоспардан тыс іс-шара, олардың негізі Құқық қорғау органдарының қайта жіберілген шағымдары мен өтініштері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініштері болды.

Аудитпен қамтылған қаражаттың жалпы көлемі 25 054,6 млн теңгені, оның ішінде бақылаумен қамтылған мемлекеттік сатып алу сомасы 21,2 млн теңгені құрады.

Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 13 138,8 млн теңгені құрады, оның ішінде:

- 3 529,3 млн теңге сомасына қаржылық бұзушылықтар, оның ішінде:
 - өтеуге – 415,9 млн теңге, оның ішінде 40,1 млн теңге өтелді.
 - қалпына келтіруге – 3 080,9 млн теңге, оның 2 747,3 млн теңгесі қалпына келтірілді.
 - есепке алу бойынша көрсету – 32 368,0 мың теңге, есепке алу бойынша көрсету – 32 368,0 мың теңге
- процедуралық сипаттағы бұзушылықтар 9 609,5 млн теңге.

Есепті кезеңде жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген адамдардың жауапкершілігін қарау мақсатында аудит объектілеріне 48 нұсқама жіберілді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша аудит объектілерінің 40 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бюджетке толық енгізілген 11,9 млн теңге сомасына 42 әкімшілік хаттама жасалды.

Департамент «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес өз функцияларын орындау бөлігінде үлкен жұмыс жүргізілген.

2025 жылдың бірінші тоқсанында жалпы сомасы 23,9 млн теңгеге 240 әкімшілік материал тіркелді, олар бюджет кірісіне толығымен өндірілді.

Талдау жүргізу барысында аудит объектілері тарапынан мынадай жүйелі заң бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берілетіні анықталды: жалақыны есептеу және төлеу, жалақыны, сыйлықақылар мен іссапар шығыстарын артық төлеу, активтердің түсімін тиісті емес бухгалтерлік шоттарға жатқызу, нақты орындалмаған жұмыстар үшін бюджет қаражатын аудару және мердігерлерді тізімге енгізу үшін сотқа уақтылы жүгінбеу.

Анықталған заң бұзушылықтардың себептері Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелері мен кәсіпорындарының басшылары мен бухгалтерлері тарапынан нормативтік-құқықтық актілерді тиісінше зерделеу болып табылады.

Өткізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша аудит объектілеріне Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтау жөніндегі енгізулері мен ұсынымдары бар аудиторлық қорытындылар жіберіледі.

Жетісу облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жоспарлау, талдау, есеп беру және сапаны бақылау бөлімі

ЕЛ ҚАМЫ



БҮГІН ЕЛІМІЗДЕ АЭС ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ

8 тамызда Алматы облысында, Үлкен ауылының маңында Қазақстан тарихындағы тұңғыш атом электр стансасы құрылысы басталады.

Салтанатты шарада шенеуніктер сөз сөйлеп, бұрғылау жұмыстарының басталуы, оның ішінде топырақ сынамаларын алу, кейіннен капсуланы зерттеу үшін ресейлік тарапқа беру рәсімі болады.

«2025 жылдың 8 тамызында Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Үлкен ауылының маңында Қазақстанда АЭС құрылысы жобасы бойынша жұмыстардың салтанатты түрде басталу рәсімі өтеді. Рәсімде ресми сөз сөйлеп, топырақты жинау бойынша бұрғылау жұмыстары басталып, содан кейін капсуланы салтанатты түрде ресейлік тарапқа зерттеуге тапсырады», - деп жазылған хабарламада.

Бас мердігер – консорциум көшбасшысы таңдаған ресейлік «Рос-атом».

Еске салайық, ақпан айында Алматы облысының Жамбыл ауданы АЭС құрылысының орны ретінде ресми түрде бекітілген болатын. Бұған дейін бұл аумақ әлеуетті нысандардың қатарында болса, Үлкен ауылы негізгі үміткерлердің бірі болатын.

Қаңтар айында Президент Қ.Тоқаев үкімет пен «Самұрық-Қазына» қорына атом өнеркәсібін дамыту стратегиясын әзірлеуді, оның ішінде екінші стансаның орнын таңдауды тапсырған болатын.

inbusiness.kz

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННАЯ ПЕРЕПИСЬ ДОСТОВЕРНЫЕ СВЕДЕНИЯ – РЕАЛЬНЫЕ ЦИФРЫ

С 1 августа в Казахстане стартовала Национальная сельскохозяйственная перепись. Как отметил руководитель департамента Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам по области Жетісу Марат Букенов, это важное государственное событие, которое проводится раз в десять лет и имеет не только национальное, но и международное значение. Эта перепись не просто собирает данные, она показывает, как живет и развивается сельское хозяйство Казахстана.

Перепись проходит в рамках 10-й Всемирной программы сельскохозяйственных Продовольственной и сельскохозяйственной организации ООН – ФАО. В этом году данное мероприятие также проводят Кыргызстан, Азербайджан, Узбекистан и десятки других стран. Это значит, что подходы и принципы проведения переписи в Казахстане соответствуют международным стандартам. ФАО также делает акцент на внедрение цифровых технологий, что позволяет странам сокращать издержки и ускорять обработку данных.

Сельхозперепись пройдет в два этапа. Первый этап – онлайн – с 1 по 31 августа. Онлайн-формат позволяет самостоятельно пройти перепись на сайте sanaq.gov.kz, не дожидаясь интервьюеров. Это экономит время, позволит быстрее собрать и обработать данные, а также снизит нагрузку на специалистов, которые с сентября начнут обходы. Важно, чтобы все сельхозформирования и как можно больше личных подсобных хозяйств прошли перепись онлайн.

- Здесь мы хотели сделать акцент, что все сельхозформирования должны пройти перепись онлайн. Всего планируется охватить 744 сельхозпредприятия и около 20 тысяч крестьянских и фермерских хозяйств, индивидуальных предпринимателей, ведущих деятельность в сельском хозяйстве. С 28 июля они уже начали получать СМС с приглашением пройти перепись на портале sanaq.gov.kz

с номера 1414. У нас очень много мелких крестьянских и фермерских хозяйств, и нам важно максимально охватить эту категорию респондентов, - отметил спикер.

Доступ к заполнению опросников на сайте sanaq.gov.kz был запущен с 00.00 часов 1 августа. Чтобы ответить на вопросы анкеты, необходимо авторизоваться с помощью ЭЦП, СМС или QR-кода из приложения eGovMobile.

- Обращаясь к респондентам, просим их быть крайне внимательными. Код подтверждения при регистрации высылается сразу на указанную электронную почту или телефон. Сотрудники Бюро не осуществляют телефонные звонки и никогда не просят сообщить четырехзначный код, - подчеркнул Марат Букенов.

По его словам, на сайте доступны два варианта опросника: один – для сельхозпроизводителей, второй – для домохозяйств, у кого есть сад, огород или скот. Вопросы касаются использования земли, наличия техники, содержания скота, инфраструктуры, производства и сбыта сельхозпродукции, а также условий труда. Для граждан есть подсказки, размещена подробная видеинструкция по заполнению разделов, а также работает чат-бот SANAQ мырза, который отвечает на вопросы моментально и доступен круглосуточно.

Одно из больших преимуществ онлайн-переписи – возможность сохранения дан-

ных, то есть, если анкета при заполнении не была завершена, то к ней можно вернуться в любое время и продолжить с того места, где произошла остановка.

На сегодня, по заверению спикера, обеспечены все условия и доступ к прохождению переписи, к примеру, если в селе у респондента нет компьютера или интернета, он может обратиться в зоны самообслуживания, расположенные в акиматах и районных отделах статистики. Всего по области Жетісу обеспечено 126 таких точек.

- Хочу отдельно подчеркнуть, что вся информация, указанная в переписных листах, строго конфиденциальна. Она не передается в налоговые органы, полицию или другие государственные структуры. Все данные защищены Законом «О государственной статистике» и используются только в обобщенном виде – для анализа ситуации в аграрной сфере страны. Каждый интервьюер, который

работает в переписи, подписывает обязательство о неразглашении, а системы хранения информации соответствуют всем требованиям информационной безопасности, - также добавил руководитель департамента.

Весь август будет работать единый контакт-центр по номеру 1446. Он доступен круглосуточно, и внутри него выделена отдельная линия поддержки по вопросам сельхозпереписи. Специалисты ответят на любые вопросы, будь то сложности с регистрацией, технические неполадки или непонимание по содержанию вопросов.

Те домохозяйства, которые не пройдут перепись онлайн, начиная с 20 сентября, посетят интервьюеры. В данное время набираются интервьюеры в селах, и все желающие поработать, могут обращаться на номер 1446.

Итоги переписи будут подводить поэтапно: предварительные данные планируется представить уже в декабре этого года, окончательные – в 2026 году.

- Обращаясь ко всем сельхозпроизводителям и главам личных подсобных хозяйств, участие в переписи – это ваша возможность повлиять на развитие сельского хозяйства страны. От ваших ответов зависит, где будут строиться хранилища, какие программы субсидирования будут работать. Призываю всех представителей крупных предприятий, фермеров и владельцев хозяйств принять участие в переписи. Пройдите ее онлайн на sanaq.gov.kz. Это займет немного времени, но поможет развитию всей аграрной отрасли, - в завершение выступления на площадке РСК добавил Марат Букенов.

В целом понятно, что конкретные итоги Национальной сельскохозяйственной переписи зависят от сознательного и ответственного подхода каждого гражданина, работающего в аграрном секторе: насколько достоверными будут сведения, настолько будут верными и цифры в статистике сельского хозяйства страны. Только и всего (никаких мер наказания)!

ИСТОРИЯ УСПЕХА УНИВЕРСАЛЬНОЕ РЕШЕНИЕ ДЛЯ ПОКУПАТЕЛЕЙ СТРОЙМАТЕРИАЛОВ

Спрос на строительные материалы и товары для ремонта стабильно высок во всех регионах страны. Люди строят, ремонтируют, улучшают свои дома и квартиры – и в этом процессе им важно иметь доступ к качественным и надежным материалам. Именно такой подход стал основой бизнес-идеи Муратхана Ерболганова, который превратил личный потребительский опыт в успешный предпринимательский проект.

Чтобы расширить ассортимент, повысить качество представленных товаров и укрепить позиции на рынке, в 2025 году предприниматель обратился за поддержкой к АО «Банк ЦентрКредит» за кредитом на пополнение оборотных средств. В рамках программы «Поддержка субъектов внутренней торговли» Фонд «Даму» субсидировал процентную ставку по кредиту до 9,5%, что позволило существенно расширить ассортимент магазина и адаптироваться под потребности покупателей.

Сегодня «MR Market» – это универсальный торговый дом с удобным расположением в городе Талдыкоргане, общей торговой площадью 2116,7 кв. метров, включая склады и гаражи.



Будучи обычным покупателем строительных материалов, предприниматель неоднократно сталкивался с проблемами низкого качества продукции и скудного ассортимента. Это подтолкнуло его к открытию собственного магазина – «MR Market», в котором он сделал ставку на качество, широкий выбор и высокий уровень сервиса.

Для реализации своей идеи предприниматель воспользовался мерами государственной поддержки малого и среднего бизнеса. Магазин «MR Market» работает на рынке Талдыкоргана с 2014 года и за это время стал узнаваемым брендом среди покупателей строительных материалов.

Магазин предлагает: широкий выбор сантехники, мебели для ванных комнат и санузлов; разнообразие входных и межкомнатных дверей, а также скобяных изделий к ним (ручки, петли и др.); богатый ассортимент строительных материалов и инструментов: центр красок №1 в Талдыкоргане с профессиональными колеровочными аппаратами

Благодаря вниманию к качеству продукции и потребностям клиентов «MR Market» сегодня входит в число ведущих строительных магазинов города – это не просто магазин, а полноценный центр для тех, кто строит, ремонтирует и улучшает свое жилье в одном месте.

ИНФРАСТРУКТУРА В СТРАНЕ ПЕРЕСМОТРЕН СТАНДАРТ НА АСФАЛЬТОБЕТОН



С 1 июля текущего года в Казахстане вступили в силу обновленные требования к качеству асфальтобетонных смесей. Изменения внесены в национальный стандарт СТ РК 1225-2019 «Смеси асфальтобетонные дорожные, аэродромные и асфальтобетон» и направлены на повышение надежности дорожной инфраструктуры и снижение эксплуатационных рисков.

Разработчиком обновленного стандарта выступил Казахстанский дорожный научно-исследовательский институт (КаздорНИИ). Все изменения основаны на научных исследованиях и лабораторных испытаниях, проведенных с учетом реальных условий эксплуатации казахстанских дорог и современных международных требований.

Среди ключевых изменений – исключение из стандарта показателя водонасыщения перестроенных образцов асфальтобетона. Как пояснили в КаздорНИИ, при повторном формовании образцов наблюдается интенсивное разрушение щебня (до 18%) при стандартном уплотнении. Это искажает структуру смеси и делает итоговые результаты испытаний нерелевантными. Исключение этого показателя повысит объективность контроля качества и точность технической оценки.

Обновленный стандарт предусматривает

внедрение современных методов контроля, более четкие и предсказуемые технические требования, а также сокращение затрат за счет повышения надежности дорожного покрытия. Для подрядчиков и производителей это означает переход к более точным и эффективным подходам в производстве и контроле асфальтобетонных смесей.

Также пересмотрены параметры температурного режима укладки, коэффициента уплотнения, адгезии каменного материала с битумом, а область применения асфальтобетонных смесей расширена на аэродромные покрытия, городские улицы и промышленные объекты.

Обновленный стандарт синхронизирован с Техническим регламентом Республики Казахстан «О безопасности зданий и сооружений, строительных материалов и изделий» (ТР РК №435 от 9 июня 2023 года). Это часть комплексной работы по совершенствованию нормативной базы в автотранспортной отрасли.

Как подчеркивают специалисты КаздорНИИ, пересмотр подобных стандартов требует обязательного участия научных институтов, проведения инструментальных испытаний и учета климатических и эксплуатационных особенностей страны. Такой научно-обоснованный подход позволяет обеспечить не только соответствие международным требованиям, но и повышение качества казахстанских дорог в долгосрочной перспективе.

Подготовила Алма УРАЗАЕВА

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫНДА

Құрылысшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қала аумағындағы бірқатар маңызды нысанды аралап, олардың қазіргі жай-күйімен танысты.



Алдымен облыс орталығын сапалы және тұрақты жылумен қамтамасыз етуге бағытталған ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі - «Оңтүстік-Батыс» тұрғын ауданында бой көтеріп жатқан жаңа кварталдық қазандықтың құрылысын тексерді.

Жалпы аумағы 2 гектардан асатын аумақта орналасқан бұл қазандықтың қуаттылығы – 54,37 МВт. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Шаһар басшысы нысанның маңыздылығына тоқталып, құрылыс сапасына ерекше мән беруді және жұмыстың белгіленген мерзімде аяқталуын тапсырды.

Келесі кезең «Береке» коттедж қалашығындағы қайта жаңғыртылып жатқан тұрғын үйлер. Мұнда қала басшысы үйлердің сапасын тексеріп, бірқатар мәселелерді пысықтап, жауаптыларға нақты тапсырмалар жүктеді.

Жұмыс барысында Ернат Бәзіл модульдік үлгіде салынып жатқан, бір мезетте 200 спортшы жаттығу жасай алатын көркем және спорттық гимнастикаға арналған спорт кешенінің құрылысын да тексерді. Нысан бұқаралық спортты дамытуға зор үлес қосатынын атап өтіп, құрылыстың сапасы мен қауіпсіздік шараларын бақылауда ұстауды ескертті.

Сондай-ақ, әкім «Бірлік» шағын ауданында бой көтеріп жатқан көпқабатты тұрғын үйдің құрылыс барысын бақылап, мердігер мекемеге жұмыстың қарқынын бәсеңдетпеуді және нысанды қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Әр нысанды аралау барысында қала басшысы құрылыс сапасын, белгіленген мерзімнің сақталуын және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған нәтижелі жұмысты қамтамасыз ету қажеттігін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, Ернат Дүйсенбекұлы қала аумағында қарқынды жүргізіліп жатқан бірқатар құрылыс нысандарын аралады.

Алдымен, «Бірлік» шағын ауданында қызу жүріп жатқан сквер құрылысының барысымен танысты. Бұдан кейін көпқабатты тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарын бақылап, «Құлагер» шағын ауданындағы жаңа саябақтың жұмыс қарқынын бағамдады.

Қала әкімі жауапты мердігерге жұмыс қарқынын бәсеңдетпей, сапаға ерекше мән беру қажеттігін ескертті.

Сондай-ақ, әкім «Береке» коттедж қалашығында қайта жаңғыртылып жатқан тұрғын үйлердің жай-күйімен танысып, бірқатар мәселелерді пысықтады.

Бұдан бөлек, Ернат Дүйсенбекұлы іргетасы қаланып жатқан көркем гимнастикаға арналған спорт кешенінің құрылыс барысын да көрді.

Қала әкімі Ернат Бәзіл:

– Биыл Талдықорған қаласында салынатын құрылыс нысандарының саны өткен жылмен салыстырғанда едәуір артып отыр. Ендігі мақсат олардың санына емес, сапасына мән беру. Әрине, кейбір мәселелерді әлі де пысықтау қажет. Ең бастысы халықтың игілігіне бағытталған жобаларды сәтiмен жүзеге асыру, – деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

Спар соңында қала басшысы орташа жөндеу жұмыстары басталған Рүстембеков және Гагарин көшелеріне барып, жөндеу барысында барлық техникалық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ, АУЛАЛАРДЫ АБАТТАНДЫРУ

Қала әкімі Ернат Бәзіл шаһар аумағындағы абаттандыру және жол жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Жұмыс барысында қала басшысы бірнеше нысанды аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы мен мерзімдік кестесіне ерекше назар аударды.

Алдымен құрылысы аяқталуға жақын қалған жаңа саябақ пен сквердің жағдайын көзбен көріп, жұмыс барысын тексерді. Қаланың «Оңтүстік-Батыс» ауданында қала тұрғындарының демалысын тиімді өткізу үшін салынып жатқан ауданы 1,2 гектарды құрайтын жаңа саябақ бірнеше шағын аудан тұрғындарына таптырмас демалыс орны болмақ.

Одан кейін қала әкімі Арбат жаяу жүргіншілер аймағының құрылысымен танысып, демалыс аймағын қолайлы етіп жабдықтау қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ, қала басшысы «Жұлдыз» және «Жетісу» шағын аудандарындағы аулаларды абаттандыру жұмыстарын да аралады. Аулаларда балалар ойын алаңдары мен спорттық инфрақұрылымдар орнатылып жатыр. Әкім бұл жұмыстардың заман талабына сай, сапалы әрі қауіпсіз орындар болуы керектігін айтып, жауапты мердігерлерге нақты тапсырмалар берді.

Сондай-ақ, Жансүгіров, Рүстембеков және Гагарин көшелеріндегі жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарымен танысты. Жол төсемелерін жаңарту, жүргінші жолдарын қалпына келтіру және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мәселелері талқыланып, мердігерлерге құрылыс қарқынын бәсеңдетпеу және сапаға ерекше мән беру міндеттелді.

ТАЛДЫҚОРҒАН ТЫНЫСЫ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖҰМЫСТАРЫ

Қала әкімі Ернат Бәзіл «Жастар 3» тұрғын үй алабындағы құрылыс жұмыстарының барысымен танысып, тұрғын үй алабында жол инфрақұрылымын жақсарту, газ желісін тарту мәселелерін қарастырып, жобаны қайта пысықтады.



Қала әкімі сондай-ақ Шахворостова көшесі мен Еркін ауылындағы Сарыбұлақ көшесінде ауыз су жүйесін тарту жұмыстарының барысымен танысты. Қазіргі таңда бұл жұмыстар қарқынды жүргізілуде.

Айта кетсек, қала бойынша көріз жүйесі мен таза ауыз сумен жабдықтау жобасы аясында

89 шақырым болатын көріз және ауыз су жүйесі қайта жаңғыртылып, ретке келтірілмек. Бұл жоба 2026 жылы аяқталмақ. Сонымен бірге, «Оңтүстік-Батыс» шағын ауданында 1 шақырым болатын көріз жүйесін тарту жұмыстары да жалғасуда.

Ернат Дүйсенбекұлы, қала инфрақұрылымының сапасына ерекше назар аударып, жұмыстардың уақытылы және сапалы орындалуын қатаң бақылауында ұстайтындығын баса айтты. Кездесу барысында кейбір кемшіліктерді ескеріп, оларды жою бойынша жауаптыларға нақты тапсырма берді.

Сонымен қатар, Еркін ауылында салынып жатқан 150 орынды мәдениет үйінің құрылысымен де танысқан қала басшысы бұл нысанның ауыл тұрғындарының мәдени өмірін жандандыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

ШАТЫРЛАРДЫ ЖАҢАРТУ

Талдықорған қаласында көпқабатты тұрғын үйлердің шатырын ауыстыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл жұмыстар қала әкімі Ернат Бәзілдің тапсырмасына сәйкес қолға алынған болатын.

Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов тапсырмаға сәйкес қаламызда жүргізіліп жатқан нысандарға барып, жұмыс барысымен танысты.

Жұмыс сапасын тексеру барысында қала әкімінің орынбасары құрылыс сапасына ерекше назар аударып, мердігер мекемелерге жұмыстарды белгіленген мерзімде әрі сапалы орындау қажеттігін ескертті. Сонымен қатар, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды тапсырды.

Айта кету керек, биыл Талдықорған қаласы бойынша қайта жаңғырту бағдарламасы аясында 39 көпқабатты тұрғын үйдің шатыры ауыстырылып, 20 үйдің қасбеті жөнделіп, ретке келтіріледі.

7,4 КМ АРЫҚ ЖЕЛІСІ САЛЫНАДЫ

Талдықорған қаласында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында арық жүйелерін жаңарту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Биыл облыс орталығында 7,4 шақырым арық желісін жаңадан салу жоспарланған.

Қазіргі уақытта қаладағы арық жүйесінің жалпы ұзындығы 374,6 шақырымға жетіп отыр. Оның 195,8 шақырымы лотокты каналдарда, ал 178,8 шақырымы ашық жер үсті арналарда орналасқан. Сонымен қатар, қала аумағында 710 арық өткелі бар.

Жаңарту жұмыстары бойынша «Евразия Инвест Строй» және «DILIGENT01» мердігер ұйымдарымен тиісті келісімшарт жасалып, құрылыс жұмыстары басталды. Бүгінгі күні Балпық би көшесінде 40 метр болатын арық желісі салынды. Арық желілерін салу жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде.

Еске салсақ, өткен жылы да осы бағыттағы жұмыстар нәтижелі жүзеге асты. Атап айтқанда, 1,8 шақырым суару арналары жаңартылып, 7,8 шақырым болатын арық желісіне ағымдағы жөндеу жүргізілген болатын. Бұл жұмыстар Медеу, Желтоқсан, Райымбек, Қабанбай батыр, Жалайыри, Тынышбаев көшелерімен қатар автобет маңында жүзеге асқан еді.

Нәтижесінде, бірнеше көшеге арық суы жеткізіліп, жалпы арық жүйесінің ұзындығы 18,7 шақырымға ұлғайған болатын.

Айта кетейік, қала аумағындағы арық желілері арқылы су өткізу межесі 22%-дан асқан болса, ал бүгінде жүргізілген ауқымды жұмыстардың нәтижесінде бұл көрсеткіш 70%-ға жетті.



АҒАШ БҰТАҚТАРЫН КЕСУ

Облыс орталығы Талдықорғанда қураған ағаш бұтақтарын санитарлық мақсатта кесу жұмыстары қарқынды түрде жалғасуда. Бұл жұмыстарды «Қазақ саңырау-мылқаулар қоғамы» қоғамдық бірлестігі жүзеге асыруда.

Аталған шара негізінен жол жүру қауіпсіздігін жақсарту мақсатында бағытталған. Жол белгілері, бейнебақылау камералары мен бағдарламаларға кедергі келтіретін бұтақтар, сондай-ақ қураған және апатты жағдайдағы ағаштар кесіледі.

Айта кету керек, жыл басынан бері қала аумағында 12 мың ағаш отырғызу жоспарланған. Оның 1800-і көктем мезгілінде егілді, оның ішінде 975-і қылқанжапырақты, 825-і жапырақты ағаштар. Қалған 10 200 көшетті күзгі кезеңде отырғызу көзделіп отыр.

Санитарлық тазалау жұмыстары қала аумағында кезең-кезеңімен жалғасатын болады.



ОРТАҚ МАҚСАТ

Талдықорғанда қала көшелерінің тазалығын сақтау күнделікті атқарылатын маңызды іс. Осы мақсатта күн сайын таңертең, коммуналдық қызметкерлер орнаы техникалардың көмегімен магистральді көшелер мен жаяу жүргіншілер жолдарын жуады.

Тазалық жұмыстары ерте басталғанымен, оның артында үлкен жауапкершілік пен жүйелі жұмыс жатыр. Қаланы таза ұстауда ПМ, «Дулева», Boschung секілді заманауи техникалар, шағын тиегіштер, жүк көліктері мен су шашқыш машиналар үлкен рөл атқарады. Әр техника – ұжымды біріктіретін тірек, ал әр жұмысшы – қаланың тазалығына жанашыр жан. Барлығын біріктіретін ортақ мақсат бір: «Таза қала – Таза Талдықорған!»

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



Абай мұрасы - ҰЛТТЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Адамзатқа ортақ рухани қазына – әр халықтың сан қырлы ой-пікірі, ойшылдары мен қаламгерлерінің мәңгілік мұралары. Сол асыл арнаның төрінен XIX ғасырда өмір сүрген дана Абайдың орны айрықша. Оның гуманистік-философиялық толғамдары, таным көкжиегін кеңейтер терең байламдары тек бір дәуірдің емес, бүкіл адамзат өркениетінің игілігі. Абай шығармашылығы ғасырлар арасын жалғап, әлемдік мәдениетке ортақ өрнек сызған, ұлттың болмысын танытқан мәңгілік құндылық. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінде жариялаған мақаласында Абай туралы «Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп жазады. «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз».

Хакім Абай – қазақтан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың, парасаттылық пен ізгіліктің жемісін сыйлады. Қара сөздері арқылы адамзат баласына ортақ мұраларды, құндылықтарды дәріптей отырып, рухани биікке ұмтылдырды. Тарих беттерінде есіме елге белгілі әкесі, әжесі мен анасының тәрбиесінің нәтижесінде ғұламаға айналды. Өнер-білім жолындағы ізденіс оны биікке шығарды. Абайдың қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік тұлға, қайталанбас ұлы ойшыл, философ, ақын екендігі хақ. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай өңірде «Ұлы халықтың – ұлы Абайы» атты 10 күндік рухани-мәдени жоба бастау алған болатын. Шара аясында ҚХА мүшелері мен этномәдени бірлестіктер өкілдерінің құттықтауы, «Қара сөз – халық қазынасы» Абайдың қара сөздерін ақсақалдар мен аналардың түсіндіруі,

Абай өлеңдерін жатқа оқу челленджі, қоғамдық орындарда сауалнама, Абай әндерін орындау сынды тағылымды жиындар ұйымдастырылды. Алдағы уақытта өзге ұлт өкілдеріне арналған интеллектуалдық сайыс, Абай бейнесіне арналған инсталляция көрмесі, қорытынды поэзиялық кеш өткізіледі. Ұйымдастырушылар «Абай – бүкіл түркі әлеміне ортақ рухани көшбасшы, адамзатқа ортақ ғұлама. Оның мол мұрасы – халқымыздың рухани тірегі, адамгершілік пен парасаттың, білім мен бірліктің биік үлгісі. Жетісу облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы Абайдың идеялары мен ұстанымдарын – ел ішіндегі келісім мен татулықтың, түрлі этностар арасындағы түсіністік пен бірліктің бастауы ретінде қабылдайды. Оның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген өнегелі сөзі бүгінгі Қазақстан қоғамының басты



ұстанымына айналды. Абай мұрасы – ұлттың рухани кемелденуінің алтын қазығы. Оны ұлықтау – ұрпақтың міндеті. Абайдың даналығы – әр ұлт өкіліне ортақ құндылық, асыл мұра! – деп бұл тек әдеби жоба емес, бұл – ұлттық бірегейлікті арттыруға бағытталған кең көлемді қоғамдық-мәдени бастама екенін атап өтті. Сонымен қатар, онкүндік мәдени іс-шаралар аясында «Мәміле» клубының кезекті отырысы ұйымдастырылды. Бұл жолғы басқосу дәстүрлі форматтан бөлек, еркін әрі бейресми жағдайда өтіп, қатысушыларға жаңа әсер сыйлады. Жиын барысында клуб мүшелері қазақ халқының ұлы

ақыны Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығына терең үңіліп, қара сөздеріне жан-жақты талдау жасады. Сондай-ақ, ақынның өлеңдерінен үзінділер оқылып, олардың мағынасы мен тәрбиелік мәні төңірегінде қызу пікірталас өрбіді. Қатысушылар еркін пікір алмасып, өз ойларын ортаға салып қана қоймай, Абай мұрасын заманауи тұрғыдан түсіндіру жолдарын да талқылады. Мұндай шаралар қазақ тілін насихаттап қана қоймай, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықты арттыратыны анық. Отырыстың соңында клуб белсенділеріне Абай бейнесі бейнеленген естелік сыйлықтар табысталды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ҚАРА СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

Хакім Абайдың көркемдік, әлеуметтік, гуманистік және ғінге көзқарастары терең білінген еңбегі- қара сөздері. Абайдың қара сөздері - қазақтың бойтұмары, өмір азығы, ортақ қазынасы.

Абай 6-шы қара сөзінде: «Қазақтың бір мақалы – «Өнер алды-бірлік, ырыс алды - тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады-білмейді. Қазақ ойлайды – бірлік- ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік-ақылға бірлік, малға бірлік емес.

Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы» дейді. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін – бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

Ырыс алды тірлік дейді ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағанды ма? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атаным, дүниедегі әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас, Әзір тамақ, әзір ас, Сыртың – пысық.. Ішін –нас, Артын ойлап ұялмас, Болдып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық» – дейді.

Ұлы ойшыл осы қара сөзінде қандай ой салмақ? Егер адамдықтан азып, кісілік қасиеттен жұрдай болсаң, сенің қай жерің адам? Қалай адам болып сүрмесің? – деген сұрақ қойылады. Оны түзетуге итермелейді, оны болдырмауға шақырады. Өз кемшілігін адамға білдіреді. Кемшілігін білген адамның - ақылды адам екенін айтады.

Жалпыға ортақ қасиеттерді айпарадай аша отырып, кемшілікті тұсын дәлме-дәл көрсетеді.

Абай алтыншы қара сөзінде - бүгінде өзекті мәселеге айналып отырған, ағайын арасындағы алауыздықты шешу жолын айтып кеткен. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Айгуль СМАНКУЛОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ
Ескелді филиалының директоры



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ТЕАТР – КИІМІЛГІШТЕН БАСТАЛАДЫ



Өнер шаңырағының табалдырығын алғаш аттаған сәттен бастап көрермендерді жылы жүзбен қарсы алатын адам дәл осы гардеробшы. Бұл ретте олардың жұмысын рухани еңбекке бағалауға болады. Ол театрдың жайлы атмосферасын қалыптастыратын маңызды тұлғаның бірегейі. Себебі көрермен тек қойылымнан ғана емес, жалпы қызмет көрсету сапасынан да әсер алады. Айтгүл Елікбаева Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрында бірнеше жылдан бері осы қызметте тер төгіп келе жатқан маман. Кейіпкеріміз «Жер жаннаты Жетісу өлкесі өңірдің алтын бесігі, ұлылық дарыған киелі мекен. Ал, Б.Римова атындағы драма театры ұлттық өнеріміздің қасиетті шаңырағы. Театрда 50 жыл бойы көптеген спектакльдер сахналанып, қаншама ұрпақ тәрбие мен рухани азық алды. Театрға келушілердің де, құрметтеушілердің де қатары уақыт өткен сайын артып келеді. Менің қызметім

Театр – әртістердің таланты арқылы сахна өнері өмірге келетін орын. Аталмыш өнер тармағы түрлі қойылым, актерлік шеберлік, сахналық музыка, декорациялар мен жарықтандыру арқылы оқиғаларды дәл жеткізе алатын біріктірілген ұғым, көрермендерді шабыттандыратын және оларды қиял мен сұлулық әлеміне батыратын мекен. Ал, әрбір спектакль біз үшін өмірімізді өнердің сұлулығы мен тереңдігіне толтыратын бірегей және ұмытылмас ғажайып сәт. Мұнда сахнадан тыс, шымылдықтың ар жағында театрдың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етіп жүрген мамандар да бар. Солардың бірі – гардеробшы.

асқан жауапкершілікті, ұқыптылық, адаммен өзара қарым-қатынас жасаудағы мәдениеттілікті талап етеді. Келушілердің сырт киімдерін және жеке заттарын қабылдап, қауіпсіз түрде сақтау негізгі міндетіміз. Тазалықты және көрермендердің жайлылығын қамтамасыз ету де назардан тыс қалмайды»-дейді. Сонымен қатар, ол «Биылғы жылды Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев еңбек өнімділігін ынталандыру, қарапайым жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеру, ерте жастан еңбектің маңыздылығын түсіндіру мақсатында «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп бекітті. Жастарға адал еңбек ету, адал азамат болу ұғымдарын, еңбекқор болу идеясын насихаттау қоғамның басты міндеті ретінде қарастырылуда. Жұмысшы мамандықтарының артықшылығын, қажеттілігін ұғындыру, еңбектің құндылығын ілгерілету ерекше екпінмен қарқын алып отырғандығы қуантады»-деп атап өтті.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТИП БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ КЕДЕРГІЛЕР ЖОЙЫЛУДА

Жетісу облысы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің облыс бойынша департаменті 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмыс нәтижелерін ұсынды.



Баспасөз жиынында департамент басшысы Маржан Кальменова өңірдегі бәсекелестік ортаны қорғау және дамыту бағытында атқарылған шараларды атап өтті. Негізгі мақсат - әділ нарықтық тәртіп орнатып, кәсіпкерлікке кедергі келтіретін әрекеттерді тоқтату.

Мемлекеттік сатып алудағы картельдік келісім белгілері бойынша тергеу-тексеру жүргізіліп, тиісті шаралар қабылданды. Сонымен қатар, «Жетісугаз» компаниясы сұйытылған газды әр тұтынушыға әртүрлі бағамен сатқан. Департамент ескертуінен кейін бұл мәселе жойылып, бүгінде газ барлығына бірдей сапада сатылуда.

2025 жылға арналған жоспарлы мониторинг аясында 36 квазимемлекеттік субъектінің қызметі талданды. Нәтижесінде 18 мемлекеттік

кәсіпорында бәсекелестік туралы заңнаманың бұзылғаны анықталып, тиісті нұсқамалар берілді.

Кәсіпорындардың қызмет түрлерін кеңейту немесе өзгертуге қатысты 21 өтініш қаралып, олардың 17-сіне келісім берілді. 4 жағдай бойынша заң талаптарына сай келмегені үшін рұқсат берілмеді.

Биыл 8 тауар нарығына (оның ішінде құс еті, азық-түлік, авиаотын, нан және қонақ үй қызметтері) бәсекелестік ортаның жай күйіне талдау жүргізілді. Қазір тағы 3 салада: мектепке дейінгі, орта білім және пошта жөнелтілімдері бойынша зерттеу жалғасуда.

Азық-түлік нарығына жасалған талдау қорытындысы бойынша өндірушілерден өнім сатып алу электронды платформалар арқылы жүргізу ұсынылды. Бұл әдіс ашықтықты арттырып, бәсекеге қабілеттілікті күшейтуге мүмкіндік береді.

Жыл басынан бері Кедергілер жөніндегі кеңесте 7 отырыс өткізіліп, нәтижесінде кәсіпкерлерге кедергі келтірген 3 нақты мәселе жойылды.

Олардың екеуі жергілікті деңгейде шешімін тапты.

Бәсекелестік заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында 9 монополияға қарсы комплаенс актісі қаралып, барлығы заң талаптарына сай деп танылды.

КӘСІПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА ТІЛДІК НОРМАЛАРДЫҢ САҚТАЛУЫ

Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру мақсатында бизнес өкілдерінің көрнекі ақпараттарына, оның ішінде жарнама, хабарландыру, ас мәзірі, баға көрсеткіштеріне мониторинг жүргізіліп, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның талаптарын түсіндіру жұмыстары жүргізілмек. Бұл туралы Б.Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен баспасөз мәслихатында Жетісу облысы Қоғамдық даму басқармасының бөлім басшысы Ермек Ақшабаев мәлімдеді.

Бүгінде Талдықорған қаласында 220 кәсіпорынға тексеру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 113 заңбұзушылық анықталды. Мұнда бірқатар жарнамалық газеттерде қате жазылған көрнекі ақпарат немесе мемлекеттік тілге аударылмаған сөздер кездескен. Анықталған кемшіліктер бойынша мамандар тарапынан кәсіпкерлерге ескерту жасалып, заң нормалары түсіндірілді.

Алдағы уақытта мұндай тексерістер жалғасын таппақ. Оған Жетісу облысы Қоғамдық даму басқармасымен бірге халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігі де атсалысатын болады. Қазіргі уақытта бизнес өкілдері мен қарапайым халыққа ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде. Көрнекі ақпараттардың дұрыс еместігін немесе қате жазылғанын байқаған кез-келген азамат «E-otinish» сервисі арқылы өтініш немесе шағым бере алады.

Бүгінде деректемелер көрнекі ақпараттардың заңдылығы мен сауаттылығын қадағалау мақсатында Талдықорған қаласындағы жарнама агенттіктерімен өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалуда. Сондай-ақ, оны түсіндіру мақсатында жадынамалар жасалып, БАҚ құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы жарияланады.

Бұл атқарылатын жұмыстар деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазу талабы қазақ тіліндегі мәтіндердің сапалы жазылуына, орфографиялық қателерге жол бермеуге бағытталған.

Арай НҰР

ЕЛ МАҚТАНЫШЫ ҮЗДІК ШЕКАРА БАҚЫЛАУШЫСЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінде «Үздік шекаралық бақылау маманы» атағын анықтауға арналған сайыс өтті. Сайысқа барлығы бес әскери қызметші қатысты.

Олардың төртеуі – «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасынан, біреуі – Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасынан болды. Қатысушылар шекаралық бақылау, құжат тексеру, заңсыз өткізу әрекеттерін анықтау және кәсіби дағдылар бойынша сыннан өтті. Байқау нәтижесінде: I орынды

«Нұр жолы» өткізу пунктін (жолаушылар бағыты) бақылаушысы ефрейтор З.Ашимов жеңіп алды. II орын «Алтынкөл» теміржол өткізу пунктін бақылаушысы ефрейтор Д.Аскерге бұйырды. III орынды «Достық» теміржол өткізу пунктін бақылаушысы ефрейтор Э.Мұрат иеленді.

МАМАНДАРҒА АРНАЛҒАН «БАЗАЛЫҚ КУРС»

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында шекаралық бақылау бөлімшелерінің әскери қызметшілері үшін арнайы «Базалық курс» бағдарламасы бойынша оқу-жаттығу жиыны ұйымдастырылды.



Курстың басты мақсаты - шекаралық бақылау бөлімшелерінде қызмет атқаратын әскери қызметшілерді басқарманың тыныс-тіршілігімен таныстыру, кәсіби даярлық деңгейін арттыру және бөлімшелер арасындағы

тәжірибе алмасуға мүмкіндік беру. Оқу-жаттығу жиыны әскери қызметшілердің кәсіби машығын жетілдіріп, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында сапалы қызмет атқаруға негіз болмақ.

ЖЕТІСУЛЫҚ САРБАЗ – ҮЗДІК РАДИОТЕЛЕФОНШЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы «Жетісу» шекара бөлімшесінде әскери борышын өтеп жүрген қатардағы жауынгер Елнұр Қанат үлгілі қызметімен ерекше көзге келеді.

Ол Алматы облысы, Ұзынағаш ауылының тумасы. Елнұр мектепте озат оқып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан, мектеп парламентінің президенті болған. Оқумен қатар спортты қатар алып жүрген ол бокстан республикалық және халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері атанған.

Қазіргі таңда қатардағы жауынгер Елнұр Қанат шекара бөлімшелері арасында үздік радиобайланыс мамандарының бірі ретінде танылып отыр. Әскерге өз еркімен келген сарбаз – тәртіптілігімен, жауапкершілігімен және кәсіби дайындық деңгейімен ерекшеленуде.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ



Шамамен 1,63 трлн теңге кепілдендірілген медициналық көмек көлеміне кіретін қызметтер қарастырылған. Мұндай қызметтер тегін көрсетіледі. Сақтандырылмаған пациенттер де тегін ала алады.

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бюджет қаражаты есебінен Қазақстан азаматтарына, қандас-тарға, босқындарға, сондай-ақ елде тұрақты тұратын және ықтиярхаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға көрсетіледі. Ал елімізде уақытша тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар және баспана іздегендер қоршаған ортаға қауіп төндіретін жұқпалы аурулар кезінде жүгіне алады.

«2025 жылы медициналық қызметтерді қаржыландыруға жалпы 2,96 триллион теңге бөлінді, оның 1,63 триллион теңгесі ТМҚК пакетіне кіретін қызметтерге және 1,33 триллион теңге МӘМС пакетіне тиесілі. Көпшілік сақтандырылған мәртебесі болмаса емханада қабылдамайды деп ойлады. Алайда МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан көрсетілетін медициналық қызметтердің тізімі бар», - деп атап өтті ӘМҚК басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

ТМҚК ПАКЕТІ ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАМТИДЫ?

1. Жедел медициналық көмек: жедел жәрдем бригадасын шақырудан бөлек, оған санитарлық авиация қызметтері де кіреді.

2. Алғашқы медико-санитариялық көмек: учаскелік дәрігер қабылдауы (жалпы тәжірибе дәрігері, терапевт, педиатр,

АЗАМАТТАРҒА ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ?



медбике) диагностика, ең көп таралған ауруларды емдеу және басқару, мақсатты халық топтарын профилактикалық қарау, иммунизация, аурулардың мінез-құлыққа байланысты тәуекел факторларын ерте анықтау және мониторинг, салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау, репродуктивті денсаулықты қорғау шаралары, жүкті әйелдер мен босанған әйелдерді босанудан кейінгі кезеңде бақылау.

3. Амбулаториялық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек: ЖИТС пен туберкулездің алдын алу және диагностикалау, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар және созылмалы ауруларды диагностикалау мен емдеу, жарақаттар, уланулар немесе басқа шұғыл жағдайлар кезінде медициналық қызметтер көрсетіледі.

4. Стационарды алмастыратын жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек: Әлеуметтік мәні бар және созылмалы аурулары бар адамдарға арналған күндізгі стационар қызметтері.

5. Стационар жағдайындағы мамандандырылған медициналық көмек: шұғыл көрсеткіштер бойынша госпитализациялау, шұғыл госпитализация кезінде стационардың қабылдау бөлімінде емдеу және диагностикалау, әлеуметтік

мәні бар және сирек (орфандық) аурулар кезінде жоспарлы госпитализация, айналасындағылар үшін қауіпті жұқпалы немесе паразиттік аурумен ауырған науқаспен байланыста болған адамдарды оқшаулау, сондай-ақ жұқпалы немесе паразиттік ауруға күдікті немесе ондай диагнозы қойылған адамдарды госпитализациялау.

6. Медициналық оңалту: ТМҚК шеңберінде туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық оңалту жүргізіледі.

7. Уәкілетті орган айқындайтын аурулар тізбесі бойынша паллиативтік медициналық көмек.

8. Қан мен оның құрамдас бөліктерімен қамтамасыз ету;

9. Патологиялық-анатомиялық диагностика;


10. Өлімнен кейінгі донорды органдар мен тіндерді алу үшін дайындау, алу, сақтау, зерттеп қарау, жинау және трансплантация үшін тасымалдау.

Бұдан бөлек, пациенттерге ҚР ДСМ бекіткен тізімге кіретін кейбір созылмалы аурулар бойынша дәрі-дәрмекпен және медициналық бұйымдармен жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз ету қызметі қолжетімді.

Естеріңізге сала кетейік, бұл медициналық қызметтер азаматтарға МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан көрсетіледі. Егер сізге медициналық көмек көрсетуден заңсыз бас тартса, әр емхана мен ауруханада жұмыс істейтін Пациенттерді қолдау қызметіне жүгінгеніңіз абзал. Олар мәселені сол жерде шешуге көмектеседі. Егер медициналық ұйымнан мардымды жауап болмаса, өтінішті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жолдау керек.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ДЕНСАУЛЫҚ ЖІТІ ІШЕК ЖҰҚПАЛАРЫН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ



Жімі ішек жұқпалары (ЖІЖ) – ас қорыту жүйесінің бұзылуымен және сусыздану белгілерімен көрінетін әртүрлі микроорганизмдер (бактериялар, вирустар) тудыратын жұқпалы аурулар тобы.

Ішек инфекциялары жылдың кез келген уақытында болады: вирустық, көбінесе суық мезгілде (тұмау және ЖРВИ жиілігінің жоғарылауымен), бактериялық - жылы мезгілде.

ДИЗЕНТЕРИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРАЛАРЫ:

► жеке гигиена ережелерін сақтаңыз: әр тамақтанар алдында, қоғамдық орындарға барғаннан соң көшеден үйге келгеннен кейін қолыңызды сабынмен мұқият жуыңыз;

► азық-түлікті тозаңсыз қыста сақтау кезінде сақтау шарттары мен мерзімдерін сақтаңыз;

► мерзімі өткен тағамды сатып алмаңыз немесе тұтынбаңыз;

► өнімдерді рұқсат етілмеген сауда орындарынан сатып алмаңыз;

► жемістер мен көкөністерді ішер алдында ағынды сумен жақсылап жуып, қайнаған сумен шайыңыз;

► ішуге арналмаған су көздерінен (құдықтар, субұрқақтар, кілттер, көлдер, өзендер және т.б.) суды ішуге пайдаланбаңыз, тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішіңіз;

► су процедуралары мен ашық су айдындарында шомылу кезінде суды жұтып қоймаңыз.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Қарапайым алдын алу шараларын сақтау ішек инфекцияларының таралуын, адамдар қайта жұқтыруды болдырмайды және Сіздің және жақындарыңыздың денсаулығын сақтайды!

С.АХАН,

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы.

А.РИНАС, жетекші маманы

» ДЕНІ САУ ҰЛТ

ФОРТИФИКАЦИЯЛАНҒАН ҰН ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ ҚАЖЕТ?

Күнгелікті тағам рационын нан өнімдерінсіз елестету қиын. Қазір сауда серелерінде нанның сан алуан түрі сатылымда, тұтынушыға кең таңдау берілген. Бірақ солардың ішінде адам ағзасына ең пайдалысы – фортификацияланған ұннан жасалған нан өнімдері, себебі мұндай ұн денсаулықты қалыпты ұстап тұру үшін қажетті түрлі минералдармен, дәрумендермен байытылған.

Фортификация дегеніміз – бұл өнімдерді адам денсаулығына қажетті дәрумендер мен минералдармен байыту. Қан аздық, тағамда фоллий қышқылының, дәрумендердің жетіспеушілігі жүрек-қан тамырлары ауруларына, ана мен бала өліміне, мүгедектікке себеп болады.

Темір тапшылығы анемиясы – организмде темірдің жеткіліксіз мөлшері немесе сіңуінен туындайтын патология. Ұнды байыту тағамдық жетіспеушіліктерді, соның ішінде темір тапшылығы анемиясын, бірқатар ауруларды және туа біткен ақауларды болдырмауға көмектеседі.

Тамақ өнімдерінің көпшілігі технологиялық өңдеу нәтижесінде пайдалы қасиеттерін жоғалтады. Оларды қалпына келтірудің ең жақсы жолы, атап айтқанда ұнды - витаминдермен және микроэлементтермен байыту. Бұл үшін ұн ең қолайлы, өйткені ол жаппай азық-түлік өнімдерінің бірі және ұнды байыту тұтынушылар шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 111-бабында астық өңдеу кәсіпорындарының жоғары және бірінші сұрыпты ұндағы микроэлементтер мен дәрумендерді міндетті түрде байытуы көзделген.

Бидай – В1 (тиамин), В2 (рибофлавин), ниацин, В6 (пиродоксин) дәрумендерінің, сондай-ақ темір мен мырыштың жақсы көзі. Бірақ бұл микроэлементтердің барлығы дәннің сыртқы қабатында болатындықтан, олардың көпшілігі өңдеу кезінде жоғалады. Сондықтан фортификация кезінде ұнға микроэлементтер қосылады. Ол үшін Қазақстанда халықтың сұранысын, климаттық, географиялық және басқа да факторларды ескере отырып, арнайы әзірленген және сынаған витаминдер мен минералдардың қоспасы (премикс) қолданылады. Ұн зауыттарында жоғары және бірінші сортты ұн өндірудің соңғы сатысында әр түрлі мөлшерде диспенсер арқылы премикс қосылады. Содан кейін арнайы құрылғы соңғы өнімнің біртектілігін қамтамасыз ету үшін барлық витаминдерді мұқият араластырады.

Темірмен байытылған ұнды жеу денеде темірдің артық болуына әкелмейді. Керісінше, әсер бірден пайда болмайды. Байытылған ұн мен нан гемоглобин деңгейін үнемі жеген жағдайда ғана қалыпқа келтіреді.

Ұн мен нан өнімдерін таңдағанда, тек әртүрлілік пен сапаны ғана емес, сонымен қатар оның адам денсаулығы үшін өте қажет дәрумендер мен минералды кешендермен байытылуына назар аудару керек екенін білу маңызды. Өйткені, ұнды сатып алғанда, көптеген адамдар ондағы пайдалы қасиеттер туралы ойламайды.

Темір тапшылығы анемиясының алдын алу үшін өзіңіз және жақындарыңыз темір мен фоллий қышқылымен байытылған ұн мен нанды таңдауларыңызды ұсынамыз. Аман-сау болыңыз!

Ж.ҚАСЕН,
«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысының м.а.
Ж.ЖЕКСЕНҒАЗЫҚЫЗЫ,
«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ бас маманы

ТЫРЫСҚАҚ – АСА ҚАУІПТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

Тырысқақ (холера) аса қауіпті жұқпалы ауру. Тырысқақ ауруының қоздырғыштары өте ұсақ үмір белгісі тәрізді болуымен байланысты вибрион деген ат берілген. Тырысқақ ауруының екі түрі анықталды.

Бірінші түрі негізгі азиялық тырысқақ (классическая азиатская холера), екінші түрі Эль-Тор тырысқағы (холера Эль-Тор). Аурудың екі түрінің көзге көрінерлік айырмашылығы жоқ, адам өміріне қауіпі бірдей деуге болады: Тырысқақ қоздырғышы ұзақ мерзімге дейін адам денесінен сырт жерлерде өмір сүруі мүмкін. Қоздырғыш ашық су қоймалары мен теңіз суында бірнеше айға дейін, қайнамаған суда 25 күнге, қайнаған суда 37 күнге дейін тіршілігін жоймайды. Әсіресе иірім суда, монша суы жиналған жерде 106 күнге дейін өмір сүреді. Ылғалды бау-бақшадағы топырақта 75 күнге дейін тіршілік қабілетін жоймайды. Ауру адамның нәжісі тиген іш киім бедерінде бірнеше аптаға дейін өмір тіршілігін жоймайды. Тырысқақ қоздырғыштары көкөніс-жеміс тағамдарында 7 күн, сары май, сүт, балмұздақта 14 күн, сүзбе, шикі етте 7 күн, тұздалған етте 21 күн, нанның қабығында 7 күнге дейін тіршілік қабілетін жоймайды.

- Тырысқақ қаупі төнген тұрғындар тазалық сақтауы тиіс;
- Жеміс-жидектерді әбден жуып, ыстық суға аптап алуы қажет;
- Суды да, сүтті де тек қайнатып ішкен жөн;
- Тамақтанар алдында қолды міндетті түрде сабындап жуу керек;
- Жеке бас гигиенасын әсіресе балалар арасында қатаң сақтау қажет;
- Дайындаған тағамдарды ашық қалдырмаңыз;
- Жылдам бұзылатын тағамдарды тоңазытқышта сақтаңыз;
- Үйдегі қоқысты уақытылы шығарыңыз.

С.АХАН,
«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ-нің басшысы,
Р.НҰРБАЕВА, жетекші маманы

Талдықорған қаласының Өтенай ауылдық округіне қарасты «Жастар-1 /1» және «Жастар-3» тұрғын үй алаптарының көшелеріне жаңа атау беру бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қаласы, Өтенай ауылы
«4» тамыз 2025 жыл,
сағат: 17:00

Көпшілік тыңдау отырысын жүргізген - Өтенай ауылдық округінің әкімі **Малтаев Руслан Ырысбекұлы**.
Хатшы: Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімшесінің бас маманы – **Серикова Диана Бериковна**.

КҮН ТӘРТІБИНДЕ:
Өтенай ауылдық округіне қарасты «Жастар 1/1» және «Жастар-3» тұрғын үй алабы көшелеріне атау беру.

Қатысқандар:
- «Талдықорған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманы – Рысбаева Сандуғаш Арнайқызы.

- «Жастар 1/1» және «Жастар-3» тұрғын үй алабының тұрғындары
- Жергілікті қоғамдастық мүшелері (тізім бойынша)
- Округ ақсақалдары
Өтенай ауылдық округіне қарасты «Жастар 1/1» және «Жастар-3» тұрғын үй алабы көшелеріне атау беру туралы қоғамдастық жиынды Р.Малтаев «ашық» деп жариялап, шақырылғандарды күн тәртібімен таныстырды.

Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы сөзді Өтенай ауылдық округінің әкімі Р.Малтаев сөйледі: Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес 2025 жылы ҰОС Жеңістің 80-жылдығына орай ұлықтау жоспарланған Кеңес Одағы батырлары мен бір немесе одан да көп ордендері бар ҰОС ардагерлерінің тізімі дайындалды. Анықтау мәліметтері Талдықорған қаласының әкімдігіне қала тұрғындарынан келіп түскен өтініштерден, мұрағаттан, Жеңістің мерейлі даталарына шығарған кітаптарынан алынды.

Сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңы 14-1 бабының 1 – тармағына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 01 тамыздағы №211 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай- ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары» 3 - тарауына сәйкес Өтенай ауылдық округіне қарасты «Жастар-1/1» және «Жастар-3» тұрғын үй алабтарына жаңа көшелерінің атауларын ұсынуы және ұсыныстармен танысу туралы баяндама берілді.

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Харламов Василий көшесі	№3 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. «Жастар 1/1» тұрғын ауданы
2.	Воронин Андрей көшесі	№1 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. «Жастар 1/1» тұрғын ауданы
3.	Қалилаханов Тәңірберген көшесі	№4 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай ауылы «Жастар 1/1» тұрғын ауданы
4.	Түстікбеков Қайыпбай көшесі	№11 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай ауылы, «Жастар 1/1» тұрғын ауданы
5.	Жалбағаев Айтбек көшесі	№10 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а/о «Жастар 1/1» тұрғын ауданы
6.	Малин Иван көшесі	№13 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. «Жастар-3» тұрғын ауданы
7.	Бендигов Степан көшесі	№7 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. «Жастар-3» тұрғын ауданы
8.	Каримов Елубек көшесі	№9 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. «Жастар-3» тұрғын ауданы
9.	Битюков Иван көшесі	№6 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. «Жастар-3» тұрғын ауданы

Жиналысқа қатысушылардың аталған мәселе бойынша ұсыныстары.
1. Торайғыров Дәурен - «Жастар 1/1» тұрғын үй алабындағы жер учаскелерін тұрғындардың өздері сатып алғанын атап өтті. Ұсынылған көше атауларында Ұлы Отан Соғысына қатысқан қазақ ардагерлердің есімдерін беру жөнінде ұсыныс жасады. Сонымен қатар, Алаш азаматтарының есімдерін беру мәселесін қарастыру немесе бекітілген тізімге сәйкес ардагерлердің есімдерін тұрғындардың таңдауы үшін рұқсат беру ұсынылды.
2. Сүлейменов Беделбек - Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлердің тізімі бойынша, әрбір ардагердің туған облысына оның атымен көше атауын беру туралы ұсыныс жасады. Сонымен қатар ардагерлерді ғана емес халыққа еңбегі сіңген азаматтардың есімдерін беру туралы да ұсынды.
3. Арапов Асқар - өз ұлтымыздың және жергілікті азаматтардың есімдерін көше атауларына беру жөнінде ұсыныс жасады. Сонымен қатар, келер ұрпаққа түсіндіру мақсатында, басқа ұлт азаматтарының есімдерін қоюға қарсы екендігін және Қазақстанға қатысы жоқ, еңбегі сіңбеген азаматтардың есімдерін беру қажет еместігін атап өтті.
4. Муратова Нағима - тізімде аталған Жалбағаев Айтбек атасы туралы өмір баянын айтып, атасының есімін көшеге беру туралы келісіп, мақтан тұтатындығы туралы өз ойын айтты.
5. Бухбантаева Айнагуль - жиналыста қозғалған ұсыныстарды қолдап, қатысушылар өз пікірлерін білдірді. Қазіргі таңда өзінің ардагер әкесінің Үштөбе қаласы, Кальпе ауылында көше атауын алғаны туралы мақтанышпен айтты. Сондай-ақ, көше атауларына ардагер атасының және әкесінің есімдерін беру дұрыс және маңызды екендігі туралы ойымен бөлісті.
6. Ахметжанов Жандос - Ұлы Отан соғысына қатысқан атасы Іргебаев Ахметжан ІІ дәрежелі ордені бар екендігі туралы айтып. Өзінің «Жастар 1/1» тұрғын үй алабында тұратындығы және атасының есімін көшенің атауларына қосу туралы ұсыныс жасады.
7. Бектенов Ерболған - Өтенай ауылындағы көшелерге атауларын көрсету мақсатында көше аншлагтарын ілуді ұсынды.

Отырыс төрағасы, Өтенай ауылдық округінің әкімі Р. Малтаев: Құрметті қауым, аталған мәселе бойынша белсенді қатысып, өз ой-пікірлеріңізбен бөлісулеріңізді сұраймын! Көшелерге беріліп отырған тұлғалар жайлы толық ақпарат берілді. Осымен дауыс беруге көшейік.

Құрметті қатысушылар, қалай дауыс береміз: барлық көшелерді тізім бойынша бірден бе, әлде әр көшені жеке-жеке қараймыз ба?
Тұрғындар барлық көшелерге бірден тізіммен дауыс беруді ұсынды.
Отырыс төрағасы, Өтенай ауылдық округінің әкімі Р. Малтаев: Жақсы, аталған 9 көшеге атау беруді кім қолдайды? Қарсы? Қалыс? Жоқ. Қабылданады.
Жергілікті қоғамдастық мүшелері мен «Жастар 1/1» тұрғын үй алабының тұрғындары 2 көше атауын Харламов Василий көшесі және Воронин Андрей көшелерінің атауына қарсылығын білдірді.
Ал қалған 7 көшеге, яғни Қалилаханов Тәңірберген көшесі, Жалбағаев Айтбек көшесі, Малин Иван көшесі, Бендигов Степан көшесі, Каримов Елубек көшесі, Битюков Иван, Түстікбеков Қайыпбай көшелеріне атау беруді, бірауыздан қолдаған тұрғын саны- 30, қарсы шыққан – 0, қалып қалған тұрғын саны- 0.

Отырыс төрағасы, Өтенай ауылдық округінің әкімі Р. Малтаев:
Бүгінгі қаралған мәселе бойынша хаттама бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, қалалық мәслихат пен әкімдіктің бірлескен шешімімен облыстық ономастикалық комиссияның қарауына ұсынылады.

Тұрақты комиссия төрағасы айтылған ұсыныс әлі де жергілікті атқарушы органмен бірлесе қаралатынын айтып, отырысты «жабық» деп жариялады.

Жиын төрағасы
Өтенай ауылдық округі әкімі
Хатшы:
Р.Малтаев
Д.Серикова



БЕЙБІТШІЛІК ТУЫ БЕРІК ҚОЛДА

Бүгінде әлемде түрлі жағдайлар орын алып отырған тұста ұлтаралық татулықтың маңызы

зор. 100-ден астам ұл өкілдері мекен ететін Қазақстан гуманистік, демократиялық және толерантты сипатымен ерекше ел екенін іс жүзінде дәлелдеп отыр.

1992 жылы Қазақстан халқының бірінші форумында Қазақстан халқы Ассамблеясының негізі қаланды. 2008 жылы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заң қабылданып, Парламент Мәжілісіне Ассамблеядан өкілдерді сайлауға рұқсат етілді. Қазіргі таңда Ассамблея құрамынан сайланған 9 депутат мемлекетіміздің тағдырына лайықты араласуда. Ассамблеяның басты мақсаты-еліміздің өркендеуіне ықпал етіп, патриотизмді, азаматтық бірегейлікті дамытуға атсалысу, ұлтаралық келісімді нығайту. Өрбір қазақстандыққа ұлты мен дініне қарамастан Ата заңымызда кепілдік берілген. Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында ашылған Достық үйінде түрлі этнос өкілдерінің



орталықтары шоғырланған. Мұнда түрлі ұлт өкілдері жиі жиналып, ана тілін үйренуге, тарихы мен салт-дәстүрін тануға, дамытуға бар мүмкіндіктерді қолдануда. Ұлттық мерекелерін де еркін тойлай алады. Орталық басшылары демократиялық нормалар негізінде азаматтардың саяси және құқықтық мәдениетін қалыптастыруға баса мән береді. Ұйымның белсенді мүшелерінің арасында патриоттық рухты ісімен дәлелдеп жүрген азаматтар жетерлік.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТІП

ҚАЗАҚСТАНДА ЭЦҚ-НЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ТҮРДЕ АЛУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛДІ

2025 жылғы 11 тамыздан бастап Қазақстанда электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу тәртібі өзгереді. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бұл қызметті толығымен онлайн-форматқа ауыстырады. Бұл шешім азаматтардың дербес деректерін қорғау деңгейін арттыру және жеке цифрлық деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Ол электрондық қолтаңбаны бөге тұлғаларға алу жағдайының алдын алады.

Бұрын ЭЦҚ кілттерін онлайн да, ХҚКО-да да алуға болатын. Енді бұл процедура толықтай онлайн форматқа көшірілді.

ЭЦҚ-ны онлайн қалай алуға болады:

- egov.kz немесе pki.gov.kz порталына кіріңіз;
- Онлайн өтінім жіберіңіз;
- Биометриялық сәйкестендіруден өтіңіз – жүйе камера арқылы бет-әлпетіңізді таниды.

Егер тұлға сәтті расталса, ЭЦҚ кілті бірден, ХҚКО қызметкерлерінің қатысуынсыз онлайн түрде беріледі. Кейде жүйе сізді тани алмауы мүмкін – мысалы, базада фотосурет болмаса немесе техникалық ақау орын алса, жүйе 5 ретке дейін биометриялық тексеруден өткізуге мүмкіндік береді. Осы әрекеттер сәтсіз аяқталған соң ғана ХҚКО-ға жүгіну мүмкіндігі пайда болады.

Маңыздысы – биометриядан өтпейінше, ХҚКО-да

оператор арқылы өтініш беру мүмкін емес. Оператор ЖСН бойынша ақпаратты тексереді және егер бес рет сәтсіз биометрия тапсыру әрекеті болмаған жағдайда, қызмет көрсете алмайды. Онлайн қызмет толық пайдаланылғаннан кейін ғана ХҚКО арқылы өтініш беру мүмкіндігі автоматты түрде ашылады.

Интернетке немесе компьютерге қолжетімділігі жоқ азаматтар үшін ХҚКО-ның өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында биометриядан өту мүмкіндігі қарастырылған. Егер пайдаланушы сол жерде сәтті идентификациядан өтсе, ЭЦҚ кілттері ХҚКО операторының қатысуынсыз онлайн түрде беріледі.

Қазақстанда ЭЦҚ беру процесінің негізінен қашықтан форматқа ауысқаны статистикалық деректермен расталады. 2025 жылдың басынан бері республика бойынша 14,9 миллионнан астам ЭЦҚ кілті берілді. Соның ішінде 92,25%-ы қашықтан сәйкестендіру арқылы, ал небәрі 7,75%-ы ХҚКО арқылы рәсімделген. Бұл деректер онлайн-сервистің жоғары суранысқа ие екенін және мемлекеттік қызметтердің цифрландыру бағытында тұрақты үрдіс қалыптасқанын көрсетеді.

Бұл жаңашылдық ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған. ЭЦҚ өз қолымен қойылған қолтаңбаға теңестіріледі және толық заңды күшке ие, сондықтан ЭЦҚ кілттеріне қолжетімділік тек оның иесінде ғана болады. Биометрияны қолдану жеке тұлғаны сенімді түрде растауға және ЭЦҚ кілттерін заңсыз алу жағдайларының алдын алуға мүмкіндік береді.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛУ ТӘРТІБІ

Егер сіз өз үйіңізді, кеңсеңізді немесе басқа да ғұмаратты электр желісіне қосуды қаласаңыз, ең алдымен «Электрмен жабдықтау желілеріне қосуға арналған техникалық шарттар» деп аталатын рұқсат құжатын алуыңыз керек. Бұл құжатта электр қуаты қай жерден және қандай тәсілмен жеткізілетіні көрсетіледі.

Техникалық шарттарды электр энергиясын тасымалдайтын ұйым береді. Егер сіз көпқабатты тұрғын үйде тұрсаңыз, бұл құжаттарды әрбір тұрғын емес, үй иелері бірлестігі, тұтынушылар кооперативі немесе үйді басқарушы орган рәсімдейді.

Техникалық шарттарды алу үшін өтініш және арнайы сұрау парағы тапсырылады. Егер сіздің жабдықтауыңыздың қуаты бес мегаватт немесе одан жоғары болса, онда қосымша түрде мемлекеттік лицензиясы бар жобалау ұйымы жасаған сыртқы электрмен жабдықтау сызбасы қажет болады.

Құжаттарды тапсырғаннан кейін энергетикалық ұйым техникалық шарттарды бес жұмыс күні ішінде беруі тиіс. Сонымен бірге, энергетикалық ұйым мен тұтынушы арасындағы жауапкершілік шекараларын



көрсететін акт рәсімделеді.

Егер сіздің нысаныңыз әлі салынып жатса, уақытша техникалық шарттар беріледі. Бұл құжаттарды беру және қайта рәсімдеу үшін ақы алынбайды — бәрі тегін.

Егер берілген техникалық шарттармен келіспесеңіз, тәуелсіз сараптама ұйымына жүгініп, оның дұрыстығын тексерте аласыз. Егер сараптама негізсіз талаптарды анықтаса, сіз қайтадан өтініш бере аласыз. Егер тағы да бас тартса, сіз сотқа жүгіну құқығына иесіз.

Электр желісіне қосылу тәртібі Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» Заңымен

және электр энергиясын пайдалану ережелерімен реттеледі. Осы заңдардың орындалуын Жетісу облысы бойынша Атомдық және энергетикалық бақылау және қадағалау комитетінің аумақтық департаменті бақылайды.

Елде азаматтар мен кәсіпкерлерге жағдай жасау мақсатында техникалық шарттарды уақытында беру және электрмен жабдықтау шарттарын жасасу бойынша тұрақты бақылау жүргізіледі.

Егер сіздің құқықтарыңыз бұзылса, келесі

мекенжайға хабарласуыңызға болады:

Талдықорған қаласы, Қаратал шағын ауданы,

60В үй, 101 немесе 103-кабинет. Байланыс

телефондары: +7 (7282) 41-70-80, 41-64-64.

ПРОФИЛАКТИКА ЧС

ПОЖАРООПАСНЫЙ ПЕРИОД – ВРЕМЯ ВОЗРАСТАНИЯ РИСКА

Пожароопасный период — это время года, когда из-за сухой травы, высокой температуры и низкой влажности воздуха возрастает риск возникновения и распространения пожаров. В Казахстане, в том числе и в Талдықорғанде, наиболее пожароопасными периодами являются середина и конец весны, когда почва покрыта сухой травой и листвой, лето и начало осени при жаркой погоде и отсутствии осадков более недели. Дисциплинированность, сознательное поведение и строгое соблюдение несложных правил пожарной безопасности будут гарантией предотвращения загораний в природной среде. Все это в интересах каждого из нас.

По статистике, 90% природных пожаров возникают по вине человека. Причины — неосторожное обращение с огнем, неконтролируемое выжигание сухой травы и соломы на сельскохозяйственных угодьях, разведение костров, производство огнеопасных работ в лесу. Резкое увеличение количества предпосылок к возникновению таких пожаров наблюдается в период праздников. Отдых в лесу становится бедой для природы и огромной проблемой для работников леса.

Природные пожары создают угрозу населенным пунктам и могут привести к гибели людей и уничтожению жилья. Чтобы не допустить природных пожаров, их распространения и приближения к населенным пунктам, необходимо помнить и соблюдать требования пожарной безопасности при посещении лесопарковых зон, на дачных участках и придомовых территориях.

Для предотвращения возгораний в природной среде при повышении класса пожарной опасности предусмотрено введение особого противопожарного режима. На период его действия устанавливаются дополнительные требования пожарной безопасности: запрет на посещение гражданами лесов и въезд в них транспортных средств, проведение культурно-массовых и спортивных мероприятий, разведение костров, проведение лесосечных работ и работ, связанных с применением машин, открытого огня, принятие дополнительных мер, препятствующих распространению лесных и иных пожаров вне границ населенных пунктов на земли населенных пунктов.

▲ На дачном участке запрещается: использовать для розжига печи бензин, керосин и прочие легковоспламеняющиеся жидкости; класть на притопочный лист дрова и другие горючие материалы; топить печь без присмотра; выбрасывать не затухнувшие угли вблизи строений; сжигать мусор и сухую траву на территории участка вблизи деревянных строений, пламя может легко распространиться и выйти из-под контроля; разрешать детям разводить костры, играть с огнем.

▲ В лесном массиве запрещается: бросать горящие спички, окурки, тлеющую ветошь; разводить костер в густых зарослях и хвойном молодняке, под низко свисающими кронами деревьев, рядом со складами древесины, торфа, в непосредственной близости от сохранившихся сельскохозяйственных культур; выжигать сухую траву на лесных полянах, поджигать камыш; разводить костер в ветреную погоду и оставлять его без присмотра.

В случае обнаружения лесного пожара необходимо позвонить в пожарную охрану (телефоны 01, 112, 101) и сообщить об обнаруженном очаге возгорания, как туда добраться.

▲ Если Вы попали в зону опасности: определите очаг пожара, направление и скорость его распространения и немедленно двигайтесь в безопасное место; сообщите о месте, размерах и характере пожара в службу спасения — 01 или 101; при быстром приближении фронта пожара уходите от него необходимо только в наветренную сторону (идти на ветер), обходя очаг пожара сбоку, перпендикулярно направлению движения огня, используя открытые пространства; если невозможно уйти от пожара, войдите в водоем, или накройтесь мокрой одеждой, выйдя на открытое пространство, дышите воздухом возле земли — там он менее задымлен, рот и нос при этом прикройте ватно-марлевой повязкой или тряпкой; после выхода из зоны пожара сообщите о ее месте, размерах и характере в пожарную охрану, администрацию населенного пункта, лесничество.

Лица, виновные в нарушении правил пожарной безопасности, в зависимости от характера нарушений и их последствий, несут дисциплинарную, административную или уголовную ответственность.

Т. САЛАУТОВ,

курсант 3-го курса ФОО, АГЗ им. М.Габдуллина МЧС РК

СЖИГАНИЕ МУСОРА – АДМИНИСТРАТИВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

Ежегодно в стране происходят случаи сжигания мусора. Так, с начала 2025 года в городе Талдықорған зарегистрировано 20 подобных случаев, где хозяева на собственном придомовом участке сжигали мусор. Из них 5 были привлечены к административной ответственности в виде выплаты штрафа.

К примеру, 17 июня 2025 года по адресу: ул. Гаухар ана, №238, хозяйка дома гражданка Зейнекабыл, 1983 г.р., сжигала мусор и оставила его без присмотра. Со слов очевидцев, мусора было немного, но из-за халатности хозяйки возник пожар. Гражданка Зейнекабыл была привлечена к административному взысканию в виде штрафа.

Известно, что многие жители, экономя свои деньги, вместо складирования мусора в контейнер, предпочитают его сжечь. Это в некоторых случаях создает ситуацию возникновения пожара, который может нанести материальный ущерб не только жильцу дома, но и его соседям.

Поэтому напоминаем, что легче вызвать машину для вывоза твердых бытовых отходов, чем расплачиваться большими материальными и иными ценностями, как, к примеру, жизнь.

Д. ТЫНЫШБАЙ,

курсант 3-го курса ФОО, АГЗ им. М.Габдуллина МЧС РК

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҒЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА

ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02

E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.

ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.

Тапсырыс №811 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған к., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.